



БҰЙРЫҚ

2025 жылғы 23 қыркүйек
Астана қаласы

ПРИКАЗ

834 и/с
город Астана

**2025-2026 оқу жылында
тамақтануды ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 43 бабының 2 тармағының 11 тармақшасына, 48 бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидалары» туралы бұйрығына 2023 жылғы 06 қаңтарындағы № 11 енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті төрағасының «Үлгілік перспективалық мектеп мәзірін бекіту туралы» 2024 жылғы 25 желтоқсанындағы №135-НҚ бұйрығына өзгеріс және Астана қаласы Білім басқармасының 2025 жылғы 22 қыркүйегіндегі № 2144 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025-2026 оқу жылында 1-11 сынып оқушылары үшін барлық қажетті санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы бекіткен үлгілік перспективалық төрт апталық маусымдық ас мәзіріне сәйкес ыстық тамақ ұйымдастырылсын және оны жүзеге асырылуы мен қадағалауы «ИП Нұржанова» және әлеуметтік педагог А.А.Тогызбаеваға жүктелсін.

2. Жекелендірген санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мемлекеттік қызмет көрсетудің орындалуы барысында тегін сапалы тамақтандыруды ұйымдастырудың жауапкершілігі әлеуметтік педагог А.А.Тогызбаеваға жүктелсін.

3. Әр айдың 1-не дейін мемлекеттік қызмет көрсетудің орындалуы барысының есебін есепші С.Н. Омарова Астана қаласы Білім басқармасының Экономика және мемлекеттік сатып алулар бөліміне тапсырылсын.

4. Ашықтықты қамтамасыз ету барысында, ата-аналар қоғамының өкілдері Бракераждық комиссия құрамына енгізілсін (келісім бойынша) және 2025-2026 оқу жылына бракераждық комиссия жұмыс жоспары бекітілсін.

5. Күн сайынғы ас мәзірі бекітіліп, ата-аналар мен оқушылардың заңды өкілдері үшін асхананың қол жетімді жеріне орналастырылсын.

6. Әлеуметтік педагог А.А.Тогызбаева және директордың әкімшілік-шаруашылық жөніндегі орынбасары А.К. Тулешова тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде санитарлық жағдайдың сақталуын назарға алсын.

7. Бастауыш сынып мұғалімдері арасындағы асханадағы кезекшілік кестесі бекітілсін, оқушыларды кезекшілікке тартуға тыйым салынсын.

8. Тамақтанудың кестесін бекіту кезінде тамақтану уақытының ұзақтығын ескеріп, сабақ арасына сәйкестендірілсін.

9. Жедел қызмет көрсетуді қамтамасыз ету бөлігінде буфет жұмысын ұйымдастыру (қызмет көрсетуші персоналдың, кассирдің және сатушылардың санын оқушылар контингентіне байланысты тамақтандыру қызметінің көрсетуші жеке кәсіпкер Ақмарал Кеңесқызы Нұржановаға жүктелсін).

10. Сапалы тамақтандырудың ұйымдастырылуы бойынша ақпарат тоқсан сайынғы педагогикалық кеңес отырысында қаралсын.

11. Kundelik.kz автоматтандырылған ақпараттық жүйесіндегі «Мектептегі тамақтандыру» бөлімінде мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру туралы ай сайынғы ақпарат (мәзір, бракераж комиссиясының құрамы) әлеуметтік педагог А.А.Тогызбаеваға жүктелсін.

12. Тамақтанудың сапалылығының есебі ата-аналар қоғамының алдында уақтылы берілсін.

13. Тұрғын емес үйлерді (асханалар мен буфеттер) жалға беруге келісім жасау үшін тамақтандыруды ұйымдастыру қызметі бойынша жабдықтау жөнінде қажетті ақпаратты қаланың мемлекеттік коммуналдық мүлікті басқарудағы өкілетті органына («Астана қаласының активтер және мемлекеттік сатып алулар басқармасы» ММ) уақытында беру директордың әкімшілік-шаруашылық жөніндегі орынбасары А.К. Тулешоваға жүктелсін.

14. Буфеттегі тамақтану бағасы (прейскурантта көрсетілген бағадан көтерілмеуін) әлеуметтік педагог А.А.Тогызбаева бақылауға алсын.

15. Оқушыларды тамақтандыру жүйесі Білім беру ұйымдарына қойылатын Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес (газдалған сусындар, фастфуд, шоколадты батон, майонез, кетчуп, сағызды конфеттер, сағыз т.б. алынып тасталсын) ұйымдастырылсын.

16. 2025 - 2026 оқу жылынан бастап бір баланы бір реттік тамақтандырудың құны косымша құн салығын қосқанда 1-4 сынып оқушылары 800 теңге, халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан 5-9 сынып оқушылары 964 теңге, халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан 10-11 сынып оқушылары 1090 теңге болып бекітілсін.

17. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары З.К. Баймухановнаға жүктелсін.

Директор



А. Сегізбай



БҰЙРЫҚ

2025 жылғы 23 қыркүйек
Астана қаласы

ПРИКАЗ

835 и/к
город Астана

**2025-2026 оқу жылына арналған
Бракераждық комиссия
тағайындау туралы**

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының нормалары негізінде мектеп асханасында оқушылардың тамақтануын ұйымдастыруды бақылауды жүзеге асыру, тамақ дайындау технологиясын сақтау, тамақ өнімдерінің сапалық ассортиментін пайдалану мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Төмендегі құрамда бракераждық комиссия келесі құрамында тағайындалсын:

- камқоршылық кеңесінің төрайымы - С.Т.Жарова;
- комиссия мүшелері
- З.К.Баймуханова, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- Б.А.Карбаева, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;
- Ш.М.Раш, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;
- А.А.Алибек, мектеп мейірбикесі (келісім бойынша);
- С.С.Аймағамбетова, камқоршылық кеңесі мүшесі;
- А.Д.Мағжанова, камқоршылық кеңесі мүшесі;
- З.М.Касимова, камқоршылық кеңесі мүшесі;
- А.Б.Муканова, камқоршылық кеңесі мүшесі;
- З.М.Ерниязова, ата-ана (келісім бойынша);
- М.С.Лукашева, ата-ана (келісім бойынша);
- З.Д.Евграфова, ата-ана (келісім бойынша);
- З.Б.Аскербек, ата-ана (келісім бойынша);
- Ж.Т. Асанова, ата-ана (келісім бойынша);
- Д.С.Ажгулова, ата-ана (келісім бойынша);
- А.С.Вожакина, ата-ана (келісім бойынша);
- Ж.К.Едилова, ата-ана (келісім бойынша);
- Н.Т.Куринтаева, ата-ана (келісім бойынша);
- А.А.Рахметова, ата-ана (келісім бойынша).

2. Бракераж комиссиясының мүшелері асхана жұмысының дұрыс орындалуын төмендегі талаптар бойынша қадағаласын:

- даярлаған астың сапасы;
- асхана бөлмесінің тазалығы;
- тағам мөлшері;
- тамақтану графигінің сақталуы;
- тағам өнімдерінің құжаттары;
- тәуліктік және бақылау мәзірінің болуы;
- асханадағы кезекшілігін бақылау.

3. Бракераж комиссиясының мүшелері тексеру қорытындысын бракераж журналына күнделікті жазып отырсын.

4. Бракераж комиссиясының хаттамасын толтыру әлеуметтік педагог А.А.Тогызбаеваға міндеттелсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өз құзырыма қалдырамын.

Директор



А. Сегізбай